

Дефолт фактілерін болдырмау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 23 сәуір N 113-ө

Шетел несиешілерінің алдындағы Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау және дефолт фактілерін болдырмау мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шетел банктерінің ұсынған шоттары негізінде дәрменсіз займшылар үшін қосымшаға сәйкес жалпы сомасы 1 207 475, 23 (бір миллион екі жүз жеті мың төрт жүз жетпіс бес доллар жиырма үш цент) АҚШ долларын, сондай-ақ есептелген айыппұлдар сомасын 1997 жылға арналған республикалық бюджетте "Несиелендіру минус өтеу" бөліміндегі көзделген қаражат шегінде төлесін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі

мен "ТұранӘлемБанк" жабық акционерлік қоғамы алынған қаражатты республикалық бюджетке қайтаруды қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қолдансын.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1997 жылғы 23 сәуірдегі
N 113-ө өкіміне
қосымша

Шетел несиелерін өтеу жөніндегі алдағы төленетін
төлемдердің сомасы

АҚШ долларында*

Займшы-ұйым				Төлем сомасы		Оның ішінде	

				негізгі		проценттер	
				борыш			

"Алемсистем" ФИК		385 159,91		379 500,00		5 659,91
Герман несие желісі						
"Сельхозмаш" АҚ		822 315,32		701 335,03		120 980,29

Барлығы		1 207 475, 23		1 080 835,03		126 640,20

* Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі бағамы бойынша 1 АҚШ доллары - 1, 60 неміс маркасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК